

С. Б. Сыздықов, 3-курс

**Ғылыми жетекшісі: Қарабеков Қ. Ә., азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы
(ҚР IIМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)**

ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ

Елде құқықтық мемлекет қағидаларын одан әрі бекіту үрдісінде, бір жағынан, адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың ең жоғары ықтимал кепілдігіне қол жеткізу, ал екінші жағынан барлық мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың, азаматтар мен үйымдардың конституциялық міндеттерді бұлжытпай және тольк орындауы маңызды.

Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету үшін біздің Конституция талап етегіндегі, тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мұліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдаяттарға қатыссыз құқықтары мен бостандықтарының тенденгіне кепілдік беретін жағдай жасау болып табылады. Осы орайда ұлттық келісімді сақтау мен нығайтуда, Қазақстанның көп ұлтты халқының біrlігін қамтамасыз етуде құқықтық тетіктердің рөлі арта түсетін болады.

Қазақстан зайырлы мемлекет болып табылады, онда конфессияаралық татулық пен келісім салтанат құруда, дінге сенушілермен қатар атеистік көзқарасты ұстанатын азаматтардың да құқығы құрметтеледі. Мемлекет діни қызмет саласына араспайды, алайда конфессиялармен өзара іс-кимылды қамтамасыз етуі және азаматтардың діни сенім бостандығы құқығын қорғауы тиіс, ол үшін осы салада тиімді мемлекеттік саясат қалыптасуы тиіс¹.

Казірде «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заны қабылданды. Осы Зан Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратынын, әркімнің ар-ождан бостандығы құқығын растайтынын, әркімнің діни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретінін, ханафи бағытындағы исламның және православиелік христиандықтың халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін танитынын, Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танитынын негізге алады².

«Исламдық қауіп-қатер» деген ұғымды еріннің ұшымен айта салу оп-онай болғанмен, оның үрейлі қанатының кенге жайылып бара жатқаны соңшалық, енді ислам тарарапынан болатын мифтік қауіп-қатер туралы емес, исламның өзін нақтылы қорғаудың қажеттігін сөз ететін кез келді. Кейбір жағдайларда, мемлекет рөлі баяу да басыңды болғанда, өмірдің барлық саласында діннің бел алуы сайқымазактық сипат альш қана қоймайды, сонымен бірге қауіп-қатер төндіретін де кездері бар. Демек біздің көпшілдікке және көп конфессиялық қоғамыныңда конфессиялық экстремизмнің төбе көрсету мүмкіндігіне үстірт қарауга тіпті де болмайды, олай ету мейлінше қауіпті».

Үкіметіміз селт етпеді десе де болғандай. Тәуелсіздіктің 20 жылға жуық уақытында Қазақстанда діни үйымдар алты есеге өсті. Егер 90 жылдары 671 діни бірлестіктер болса, қазір олардың саны 50-ге жуық конфессиялардан тұратын 4,5 мың діни үйымды біріктіреді. Осының нәтижесінде адамдардың құқығы бұзылып, жануялық құндылықтар ыдырап, психологиялық және мұліктік шығындарға жол ашылды. Сайш келгенде, осындай келенсіздіктер, ұлтсыздануға, ұлттық құндылықтардың жойылуына, әрі мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіре бастады.

Елімізде 27 мемлекеттен келген 300-ден асатын шет ел миссионерлері тіркеуден өтіп, діни қызметін жүзеге асыруда. Олардың ішінен: Испания, АҚШ, Польша, Германия, Ресей, Италия, Швейцария, Корея мен Украина елдерінің өкілдері кіреді. Бұл екшеуді, саралауды қажеттеді. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев Әлемдік және дәстүрлі-ұлттық діндер съезінің ашылуында «Біз қазір діннің адамдарды саяси әрекетке жүмылдыру мүмкіндігінің игімақсатқа жүмсалмай отырғанының күесіміз. Бұгінде доктрина мен жалған діни қағидалар ретінде түсіндіріліп отырған зорлық пен зомбылық актілерінің ақиқат мәнін тауып, әшкереуді үйренуіміз керек», деді³. Соңдықтан да 1992 жылы қабылданған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Зан жаңа заманауи сұраныстарға жауап берे алмайтындықтан, Президент «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Занға қол қойды.

Бұл зан ыналар үшін қажет:

1. Зан діни үйымдарды құрудың алғы шарттарын айқындаиды.
2. Оларды мемлекеттік тіркеу мәселесін шешеді.
3. Діни үйымдарды қайта құру және тарату мәселесін реттейді.
4. Олардың мәртебесі мен мұліктік, құқықтық қарым-қатынасын үйлестіреді.
5. Миссионерлік және қайырымдылық қызметін айғақтайты.
6. Дінитанымдық сараптама жүргізуін жолын нақтылайды.
7. Діни әдебиетті шығару мен таратуды үйлестіреді.
8. Ғибадат үйлерін салу және қайта жабдықтау мәселелерін шешеді.

9. Құлшылық ету рәсімдерін, діни жораларды, рәсімдерді өткізуді бекітеді.

10. Діни бірлестіктер, Қазақстан Республикасы азаматтары, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар дінге көзқарасына қарамастан заң алдында бәрі тен жауапты екендігі қамтылады.

11. Діни үйымдар саяси партиялардың жұмысынға қатыспайды, оларға қаржылық қолдау көрсетпейді, саяси қызметпен айналыспайды.

12. Әркім Қазақстан Республикасының заңнамасынға сәйкес діни немесе өзге де нанымдарды ұстануға, оларды таратуға, діни бірлестіктердің қызметіне қатысуға және миссионерлік қызметпен айналысуға құқылы.

13. Жергілікті діни бірлестік бір облыста, аймақтық діни бірлестік екі облыста, республикалық діни бірлестік барлық аумақтарда тиісті өкілдіктері мен филиалдарын құрып, еліміздің барлық территориясында үйымдастырыла алады.

14. Мемлекет пен шетелдік діни бірлестіктер арасындағы қарым-қатынастың құқықтық реттеулері айқындалды.

¹ Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезенге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығы.

² Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 казандағы № 483-IV Заны.

³ <http://www.halyksozi.kz/news/view/id/883>